

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 13 маусымдағы N 733 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 21 маусым N 768. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі 1996 жылы жүргізетін тез қайтымды инвестициялық жобаларды конкурстық іріктеуді ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 13 маусымдағы N 733 қаулысына мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Кредиттік ресурстарды орналастыру жөнінде қазақстандық банктер арасында конкурс өткізу туралы ереженің 6-тармағы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

"6. Конкурстың негізгі шарттары: банктің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бұрын берілген құжаттарды, пруденциялық нормативтерді соңғы 6 ай бойы сақтауы;

банкте 4 млн. АҚШ доллары баламдығынан асатын өз капиталының болуы;

банкте инвестициялық жобаларды іріктеу және сараптау, қаржыландыру және оларды іске асыруды бақылау жөніндегі бөлімшелер мен жұмыс тәжірибесінің б о л у ы ;

банктің инвестициялық жобаларды бірлесіп әр жобаның кем дегенде 10 проценті сомасына қаржыландыруға қатысу мүмкіндігі".

2. Конкурсты ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттары туралы, сондай-ақ тез қайтымды инвестициялық жобаларды қаржыландыру туралы ереженің "Жобаларды қаржыландырудың тәртібі мен шарттары" деген 4-бөлімі мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

"4. Жобаларды қаржыландырудың тәртібі мен шарттары.

Қаржыландыруға өкілетті банктер берген және Комиссия бекіткен жобалар тізімі негізінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі өкілетті банктермен 3 жылға дейінгі мерзімге жылына 4 проценттік бұзу құқығынсыз, жобаны іске асыруды банк немесе Комиссия тоқтатқан жағдайларды қоспай, кредиттік шарттар ж а с а с а д ы .

Әрбір өкілетті банкке бөлінетін кредиттер лимиті өз капиталына сайма-сай айқындалады және банктер берген жобаларды Комиссияның бекітуі бойынша толтырылады деп белгіленсін.

Банктер займшыларға кредит беруді либор+2 проценттен аспайтын ставка бойынша іске асырады.

Кәсіпорын-займшылар жобаларды қаржыландыруды қажетіне қарай банктің кредиттік бөлімшелерінің бақылауымен іске асырады.

Жобаны толық көлемінде мерзімінен бұрын жүзеге асырылған және кредиттік берешек мерзімінен бұрын өтелген жағдайда кәсіпорын импорттың орнын ауыстыратын өндірісті кеңейтуге немесе толықтырушы өндірісті дамытуға бағытталған жаңа жобаны қарауға айрықша құқық алады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне жоба бойынша кредитке берілген, Комиссия қаржыландыруға қабылдаған сомаларға қатысты міндетті резервтеу нормаларын өкілетті банктерге қолданбау ұсынылсын".

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*